

**Кеңбидайық ауылдының жалпы орта білім беретін мектебі**  
**Оқу ісі менгерушісі отырысының**  
**Хаттамасы №1**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Қатысқандар:** Әкімшілік әдістеме бірлестік жетекшілері  
Күні: 25.08.

**Күн тәртібінде:**

1. 2023-2024 оқу жылын ұйымшылдықпен ұйымдастыру.
2. ӘБ жетекшілерін бекіту.
3. ӘБ жетекшісінің лауазымдық міндеттерін бекіту.
4. Әр түрлі мәселелер

**Тындалды:**

Әдістеме бірлестік отырысын мектеп директоры Қалдыбаев Е.О. жаңа оқу жылдының басталуымен құттықтады.

Сөйледі оқу ісінің менгерушісі Шопанова Ж.М. күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстыруды. «Бастауыш» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі Ескендирова Ш.Қ. тағайындалды. Қалған жетекшілерөз орындарында, Әдістеме бірлестіктің жылдық жоспары құрылып, бекітілуі тапсырылды. Барлық бірлестік жоспарларын бекіту, апталық жоспарларын, ашық сабактардың тақырыптарын жинақтау.

2023-2024 оқу жылына апталық жоспарын әр тоқсанға бөліп жоспарлау.

Биылғы оқу жылындағы өзгерістермен, жаңалықтарымен таныстыру.

Биылғы оқу жылында айтуды оқығаларға жоспарлап құру. Уақыты келген мұғалімдер біліктілік санатын көтеру курсарын өту керек екені тапсырылды. Сонымен қатар мұғалімдер педагог білімін бағалау тесттерінен өту керек екені ескеrtlіді.

**Қаулы қабылданды:**

1. Әдістемелік бірлестік жұмысының 2023-2024 оқу жылына арналған құжаттарын, жоспарларын жаңарту бекіту.
2. Мұғалімдер тесттен және курсардан өтсін.
3. Құжаттар бекітілсін.

Бірлестік жетекшісі: Шопанова Ш.М.

**Кеңбидайық ауылның жалпы орта білім беретін мектебі**  
**Оқу ісі менгерушісі отырысының**  
**Хаттамасы 2**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Катысқандар:** ОІМ Шопанова Ж.М., психолог Даменова Л.К., ӘБ жетекшілері.  
Күні: 21.09.

**Күн тәртібінде:**

- 1.2023-2024 оқу жылдарының әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын құру.
- 2.Әдістемелік кеңес ережесімен таныстыру.
3. Мектепішілік семинар мен апталықтардың кестесін құру.
4. Аттестация комиссиясын құру
5. I-ші БЖБ бақылау кесіндісін мониторинг жасау.

**Тындалды:**

ОІМ Шопанова Ж.М.

Биылғы оқу жылдарының басталуымен мұғалімдерді құттықтап, алдағы оқу жылдарына үлкен жетістіктер тіледі. Отрыс күн тәртібімен таныстырыды. 1-ші мәселе бойынша 2023-2024 оқу жылдарының ӘБ жоспары бекітілді. Жоспармен таныстырып шықты. Биылғы қараша айында өтетін квал.тестіне мұғалімдер қатысу керек. Жоспар бойынша аттестат алатын мұғалімдер және мерзімінен бұрын тестке өтінім берген мұғалімдер қатысады. Мектепте жылдағы үрдіс бойынша 22-қыркүйек «Тілдер күні» жоспарланып отыр. Барлық тіл мамандарының жоспар бойынша сабактарын қадағалап, қорытынды жасау.

Апталықтар жоспар бойынша өту жоспарланды. Парасат бірлестігі қаңтар айына жоспарланды. Қалған бірлестіктер ретімен өтеді жоспар бойынша. Оқушылардың алғынған тоқсандық БЖБ, ТЖБ қорытындысы жасалады. Биылғы оқу жылдары семинарлар бекітілді. (аудандық, мектепішілік)

**Қаулы қабылданды:**

1. Құрылған жоспарларға сай жүйелі жұмыс жүргуін қадағалау.
2. Мектепішілік апталықтардың өз деңгейінде өтуін қадағалау.
3. Аттестация өтетін мұғалімдер тізімін бекіту.
4. Білім сапасын көтеру.

Бірлестік жетекшісі: Шопанова Ш.М.

**Кеңбидайық ауылдының жалпы орта білім беретін мектебі**  
**Оқу ісі менгерушісі отырысының**  
**Хаттамасы 3**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Қатысқандар:** ӘБ жетекшілері, әкімшілік, пән мұғалімдері.  
Күні: 14.11.

**Күн тәртібінде:**

1. 1 және 5 сыныптарды оқыту барысы.
2. Мектепішілік пән олимпиадасына оқушыларды дайындау (8-11 сыныптар аралығында)
3. Мектепішілік пән олимпиадасын өткізу 5-6 сыныптар аралығында .
4. Үлгерімі тәмен және қабілетті оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.
5. Оқушылардың жеке іс қағаздарын жүргізу барысын тексеру.

**Тындалды:**

1.2023-2024 оқу жылында 1 сыныпта 6 оқушы . Бір ай бақылаудан кейінгі қорытынды жақсы. Қараша айына жоспарланған мектепішілік олимпиадаға 8-11 сыныптар қатысады. Мектепішілік олимпиада 15-22 қараша аралығына жоспарланды. 8 сынып дайындық ретінде мектепішілікке қатысады, аудандыққа қатыспайды.

Биылғы оқу жылында 5-6 сыныптар аралығында да жалпы пәндер олимпиадасының мектепішілік және аудандық, облыстық кезендері өтеді. Үлгерімі тәмен және қабілетті жоғары оқушылармен жұмыс жоспарлары бекітіліп жинақталды.

Оқушылардың жеке іс-қағаздарын сынып жетекшілер тексеріп қарau, жоқ құжаттарды толықтыру.Оқушылардың күнделік .kz - ке кіруін қадағалау. Сынып жетекшілерге оқушылардың сабактан қалмауын қадағалау.

**Қаулы қабылданды:**

1. 1,5 сыныптардың бейімделу процесі кезіндегі білім сапасын арттыру.
2. Олимпиадаларға дайындық өткізу, аудандық кезенге дайын болу.
3. Оқушылар іс-қағаздарын реттеу.
4. Білім сапасын пайызын көтеру.

Бірлестік жетекшісі: Шопанова Ш.М.

**Кеңбидайық ауылдының жалпы орта білім беретін мектебі**  
**Оқу ісі менгерушісі отырысының**  
**Хаттамасы 4**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Қатысқандар:** әкімшілік ,пән мұғалімдері, ӘБ жетекшілер.  
Күні: 05.01.24

**Күн тәртібінде:**

1. Тоқсандық қорытынды (БЖБ,ТЖБ)
- 2.Мектепішілік пән олимпиадасын өткізу.
3. ӘБ жетекшілер есебі.
4. Ағымдағы мәселелер.

**Тындалды:**

Оқу ісінің менгерушісі Шопанова Ж.М. күн тәртібі бойынша 1 тоқсан білім сапасы мен үлгерімі жайлы айтылды. Мектеп бойынша білім сапасы 60%. Білім сапасы түсken пәндер математика,физика . Пән мұғалімдеріне ескертулер жасалды.

Мектепішілік пәндік олимпиадаға жоспар құрылыш, пән мұғалімдері дайындықтарын күшету.

Әдістеме Бірлестік жетекшілерінен 1 тоқсан қорытындысына есеп, отырыс хаттамаларын тапсыру ескерілді.

Сынып жетекшілер сыныптағы оқушылардың сабактан қалмауын қадағалау. Әдістеме бірлестік жетекшілерінің есептеріне қорытынды жасап, өз ойларын ортаға салып, тәжірибелерімен бөлісті.

**Қаулы қабылданды:**

1. Мектепішілік олимпиадаларды жоспар бойынша өткізу. Олимпиада жұмыстарын анализ жасап тапсыру. Қорытындаларын кесте бойынша тапсыру.
2. Әдістеме бірлестік жетекшілерінің жұмыстарын жинақтау.
3. Мектепішілік, аудандық, облыстық жарыстарға, байқауларға, сайыстарға қатысып отыру.

Бірлестік жетекшісі: Шопанова Ш.М.

**Кеңбидайық ауылдының жалпы орта білім беретін мектебі**  
**Оқу-ісі менгерушісі отырысының**  
**Хаттамасы 5**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Қатысқандар:** ОІМ Шопанова Ж.М., ӘБ жетекшілері  
Күні: 17.03.24 ж

**Күн тәртібінде:**

- 1.Пән мұғалімдерінің қызыл атtestat үміткерлерін дайындау тәсілдері.
- 2.Пән мұғалімдерінің ҰБТ-ға дайындау тәсілдері.
3. Мектептегі әдістемелік жұмыстың жүргізілуі.

**Тыңдалды:**

- 1.Оқу ісінің менгерушісі Шопанова Ж.М. қызыл атtestat үміткерлерінің құжаттары жинақталып, тексерілді. Оқушылармен дайындықтар өткізу қосымша сабактарда дайындау. Сынып жетекшісі Қызыл атtestat үміткерлерін жүйелеп, ретке келтіріп тапсыру.
- 2.Биыл 11-сыныпта оқушылар Ұлттық бірынғый тестілеуге барлығы барады. Қантар , наурыз тесттілерін тіркеліп тапсырды. Сынып ортамен пайыз көрсетті. Қантарда 48% ,наурызда 50% көрсеткіш. Әрі қарай сынып жетекшілерге дайындықтарын күшейту тапсырылды. Көктемгі демалыс уақытында ата-аналар өз еріктерімен дайындық сабактарына катыстырса.
- 3.Оқу ісінің менгерушісі Шопанова Ж.М. Мектептегі әдістемелік жұмыстарына есеп берді. Өткен апталықтарға қорытынды жасалды. Бірлестік жетекшілерінің қорытынды есептері тыңдалды.

**Қаулы қабылданды:**

1. Қызыл атtestat үміткерлерімен жұмысты ілгерлету.
2. ҰБТ-ға қатысатын оқушылармен қосымша жұмыстары ұйымдастыру.
3. зерде апталығының қорытындысын шығару.

Бірлестік жетекшісі: Шопанова Ш.М.

**Кеңбидайық ауылның жалпы орта білім беретін мектебі**  
**Оқу-ісі менгерушісі отырысының**  
**Хаттамасы 6**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Қатысқандары:** Мектеп әкімшілігі, ӘБ жетекшілері  
Күні: 02.05.24ж

**Күн тәртібінде:**

1. Баяндама «Жаңашыл шығармашылық тәжірибелер».
2. Тәлімгердің қорытынды есебі.
3. Әдістеме жетекшілерінің жылдық есебі.

**Тыңдалды:**

1. Тарих пәнінің мұғалімі Бейлова Г.О. өзінің баяндамасында «Жаңашыл шығармашылық тәжірибелер» өзінің іс тәжірибесімен бөлісті. Мұғалімдер өз тараптарынан да тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасты. Сұрақтар талқыланды.
2. Тәлімгер Шопанова Ш.М, мектеп тәлімгері бір жылдық өзінің корытынды есебін жасады. Жыл бойы атқарылған жұмыстарына мониторинг жасады. Мектепішілік, аудандық іс-шараларға қатысқан оқуышларды жыл соңында марапатқа ұсыну керек екені айтылды.
3. Үшінші сұрақ бойынша тыңдалды. Мектеп директоры Қалдыбаев Е.О сөз сөйледі. Әдістемелік жұмыс мұғалімдердің шеберлігіне арттыруға және оку-тәрбие процесінің сапасын көтеруге бағытталған.

**Қаулы қабылданды:**

1. Талаптар бойынша әдістемелік жұмысқа қорытынды шығару.
2. Мектепішілік семинарлар мен әдістемелік кеңес отырыстарында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Бірлестік жетекшісі: Шопанова Ш.М.